**Қарасу негізгі мектебі бойынша**
**тәрбие жұмысының 2022 -2023 оқу жылындағы қорытындысы**

Тәрбие жұмысының жылдық жоспары әдістемелік нұсқаулықты негізге ала отырып жасалып, сегіз басым бағытта іс – шаралар өтті.
Ұлы ойшыл Әл – Фараби «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» демекші, мектебімізде оқу процесі мен қатар тәрбиелік мәні бар іс – шаралар да бірге жүреді.
2022 – 2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары 8 бағытпен және мектеп парламенті, жас ұлан балалар ұйымының жұмыс жоспарларымен жасақталып бекітілді. Олар:
Бұл бағдарламаны білім беру ұйымы білім алушылардың ата-аналарымен, әлеуметтенудің басқа нысандарымен –білім беру ұйымының әлеуметтік серіктестерімен тығыз байланыста және ынтымақтастықта тәрбие жұмысының негізгі бағыттары аясында жүзеге асырады

## I. ТӘРБИЕ БАҒЫТЫНЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША ЖАСАЛҒАН ЖҰМЫСТАР

| жұмыс түрлері / Бағыттар | тәрбие сағаттары | дөңгелек үстелдер | кездесулер | пікір сайыстар | жарыстар | байқаулар | сауалнама |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ***ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ*** | **42** | **5** | **4** | **4** | **2** | **2** | **4** |
| ***РУХАНИ –АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ*** | **40** | **2** | **-** | **4** | **1** | **-** | |
| ***ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ*** | **32** | **2** | **5** | **2** | **2** | **2** | **2** |
| ***ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ*** | **45** | **4** | **4** | **2** | **3** | **2** | **2** |
| ***ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ*** | **35** | **-** | **-** | **2** | **8** | **-** | |
| ***ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ*** | **35** | **4** | **6** | **4** | **3** | **1** | |
| ***КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ–ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРИЕСІ*** | **35** | **-** | **1** | **1** | **2** | **-** | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ***ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ*** | **40** | **2** | **2** | **-** | **12** | **2** | |

## II. Ата – анамен жүргізілген жұмыстар

| сыныптар / жұмыс түрлері | мектеп бойынша | 1 сынып | 2-3 сынып | 4 сынып | 5 сынып | 6 сынып | 7 сынып | 8 сынып | 9 сынып |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Ата – analармен өткізілген жиналыстар** | **4** | **4** | | | **4** | | | | |
| **өткізілген іс – шаралар** | **3** | **2** | **3** | **1** | **2** | **3** | **2** | **2** | **4** |

## III. Оқушылардың қосымша біліммен қамтылуы

| жылы | қол күрес | шахмат – шашка | теннис | Балалар және театр | Дебаттық клуб |
|---|---|---|---|---|---|
| **2022 – 2023** | 24 | 8 | 15 | 25 | 12 |

## IV. СЫНЫП ЖЕТЕКШІЛЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

| БІЛІМІ | | | БІЛІКТІЛІК САНАТТАРЫ | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **БАРЛЫҚ ЖЕТЕКШІ** | **ЖОҒАРҒЫ БІЛІМДІ** | **АРНАУЛЫ БІЛІМДІ** | **ПЕДАГОГ - ЗЕРТТЕУШІ** | **ПЕДАГОГ – ЭКСПЕРТ** | **ПЕДАГОГ – МОДЕРАТОР** | **ЖОҒАРЫ САНАТТЫ** | **БІРІНШІ САНАТТЫ** | **ЕКІНШІ САНАТТЫ** | **САНАТСЫЗ** |
| **6** | **4** | **2** | **2** | **1** | **1** | **1** | **1** | **-** | **-** |

## V. СЫНЫПАРДЫҢ ТӘРБИЕЛІК ІС – ШАРАЛАРҒА ҚАТЫСЫМЫ

| сыныптар | оқушылар саны | қатысымы | сынып жетекшісі |
|---|---|---|---|
| I | 7 | өте жақсы | Жолшина Б |
| II - III | 13 | жақсы | Ермек М |
| IV | 4 | өте жақсы | Нығметова Л |
| V – VI | 12 | жақсы | Утемисова Г |
| VII - VIII | 8 | өте жақсы | Нұрғалиева А |
| IX | 4 | өте жақсы | Аймұқанбетова А |

2022 – 2023 оқу жылының басында мектептің ата –аналар комитетімен төмендегі сұрақтарды келісіп алу үшін кездесулер ұйымдастырылып,

- тыйым салынған заттардың бар жоқтығын анықтау үшін кездейсоқ тексеру;
- оқушылардың смартфондары мен гаджеттерді алып жүруіне тыйым салуға қарсылықтары жоқ екендігін дәлелдейтін келісім – шарттар жасалды.

Жасөспірімдерді құқық бұззушылыққа жол бермеу мақсатында спорттық, патриоттық, мәдени – көпшілік іс – шараларға тарту, үйірмелермен қамту жолға қойылды. Мектебіміздегі 3 үйірме, 3 спорттық секция бар, сол үйірмелерге оқушылар түгел қамтылып, тұрақты кесте бойынша қатынасады.

Кәмелетке толмағандардың үйлерінен кетіп қалу себептері тіркелген жоқ. Толық емес және ата – әжесінің қолында тұратын оқушылармен және олардың ата – аналарымен адрестік алдын алу жұмыстары тұрақты жүргізіліп тұрады. Мектепішілік және полиция органдарының есебінде тұрған оқушылар жоқ.

«Тәртіп сақшылар» тобы мен түнгі кезекшілік кесте бойынша кезекшілікке шығып, оқушылардың беймезгіл уақыттағы қозғалысы тексеріліп тұрды, осы уақытқа дейін кездескен қолайсыз жағдай болған жоқ.

«Балалар түнгі көшеде», «Каникул» рейд жұмыстарын жүргізу тұрақты жолға қойылды.

Нашақорлықтың алдын – алу мақстында, жасөспірімдерді жолда абай болуға және көше, жол ережелерін, жол қауіпсіздігін сақтау және де жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттау және қалыптастыру (нашақорлық, есірткі бизнесі, маскүнемдік, туберкулез ВИЧ, АИВ/ЖИТС – тің алдын алу) жөнінде ақпараттық түсіндіру жұмыстары, ерте жүктіліктің алдын алу шаралары жоспарға сай ұйымдастырылды.

Сынып сағаттары дүйсенбі күні 1 сағатта тұрақты өтіп, сынып жетекшілер тиянақты дайындықпен өткізіп тқрды.

Қараша айында «ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ – ТӘРБИЕ КӨЗІ» тақырыбында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына арналған аудандық семинар- практикум өтіп, ауданымыздыі 12 мектебінен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен аудандық білім бөлімінің әдіскері С.С.Досымбаева қатынасты.

**Сынып жетекшілер бірлестігінде** «Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру жолдары тақырыбында отырыс өтіп, төмендегі мәселелер талқыланды.

1. «Оқушылардың сабақтан тыс кездегі бос уақытын ұйымдастыру» (баяндама).
2. «Жас ұлан» ұйымы жұмысының тәрбие берудегі тиімділігі (іс- тәжірибемен бөлісу)..
3. Үйірме мен секцияның жұмысы (іс- тәжірибемен бөлісу).
4. Бала жақсы оқу үшін қалай көмектесу керек? (психологиялық кеңес).









Наурыз айндағы сынып жетекшілер бірлестігінде « Құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары» туралы мәселелер қаралды.
Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру (баяндама).
Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жұмыстары (сынып жетекшілердің тәжірибелерінен).
Оқушылар арасындағы ЖҚТБ-ның, нашақорлықтың, темекі шегудің және маскүнемдіктің алдын алу шаралары (іс- тәжірибемен бөлісу).
Отбасы ішіндегі зорлық көрсету және балалардың өзіне-өзі қол жұмсауы (баяндама).





**Ата – аналармен** мектеп психологы «Тұрмыстағы зорлық – зомбылықтың бала психологиясына әсері» тақырыбында тренинг сабақ өткізді. «Бала құқығы – адам құқығы» атты айлық жоспар негізінде Учаскелік полиция Д.Қ:Бисебаев ата – аналармен кездесу өткізді.
Жоспарлы кезекті ата – аналар жиналысында «Оқушылардығ бос уақытын тиімді ұйымдастырудың маңыздылығы» тақырыбында үйірме жұмыстарының есебі тыңдалса, «Басты міндет – балалардың қауіпсіздгі» тақырыбында ата – аналарға буллинг, кибербуллинг туралы түсіндірілді.
Алаяқтыққа қарсы күрестің алдын алу мақсатында ата – аналар мен мұғалімдерге түсінік жұмыстары жүргізілді. «Интернет – алаяқтық туралы не білуіңіз керек?» тақырыбында дөңгелек үстел өтіп, құнды пікірлер айтылды. Дөңгелек үстелге полиция аға лейтенанты Д.Қ.Бисебаев қатысып, өмірде кездесіп жатқан алаяқтық құрбандарын мысалға келтірді.
























**Құқықбұзушылықтың алдын алу** жоспары бойынша 7 – 9 сынып оқушыларына қауіпсіздік ережелері түсіндіріліп, мектепке әкелуге және ұстауға тыйым салынатын заттармен таныстырылып, учаскелік милиция Д.Қ.Бисебаев құқықбұзушылықтың алдын алу туралы түсінік жұмыстарын жүргізді.

«Құқықбұзушылықтың алдын алу – басты міндет» атты онкүндік іс – шаралар жоспарына орай 2-3 сыныпта «Балам бол, басқа бол, бәріңе заң біреу - ақ» тақырыбында ашық тәрбие сағаты және 8-9 сынып оқушыларына «Қатыгездіксіз және зорлық – зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында тренинг, «Құқығым бар» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылып соңында «Балалар не туралы армандайды?» тақырыбында тренинг өтті.

20 қараша – Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне «Бала құқығы – адам құқығы» атты учаскелік милиция Дастан Қаржаубайұлы мектеп оқушыларына кездесу өткізіп, бала құқығы мен міндеттері туралы түсіндірді. Буллинг тақырыбында барлық сыныптарды тәрбие сағаттары

өтіп, түсінік жұмыстары жүргізілді. «Құқығын білген қор болмайды» атты апталықта «Білім және Заң» тақырыбында құқық пәні мұғалімі М.С.Наубетов құқықтық тәрбие беру, бала құқығы туралы танымдық сабақ өткізді. Осы апталық аясында мектеп медбикесі Г.Н.Мергенгалиева мен қыздар клубының жетекшісі М.Р.Ермек «Ерте жүктіліктің салдары» тақырыбында жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстардың, ерте жүктіліктің зияны туралы дәріс берсе, психолог Ф.Ж.Қалиева «Өзіне өзі қол жұмсау – тығырықтан шығар жол емес» тақырыбында тренинг өткізді.

«Интернет алаяқтарынан қалай қорғануға болады?» тақырыбында танымдық сабақ өтті.
























Наурыз айында «**Тоғыз айға 9 іс – шара»** жобасы бойынша қазақ күйлерін насихаттау барысында республикалық челленджге 3 оқушы, 1 мұғалім, 1 ата – ана қатынасса, сәуір айындағы **шахмат ойнау** челленджіне 10 оқушы қатынасты. Ал мамыр айындағы **«Жасыл мекен»** республикалық челленджінде оқушылар мен мұғалімдер, мектеп кіші қызметкерлері өз үлестерін қосып, көшеттер отырғызып, талдарды әктеу, қырқу жұмыстарына белсенді атсалысты.











**РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК, ЖЫНЫСТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ЖӘНЕ ЕРТЕ ЖҮКТІЛІК, ЖЫНЫСТЫҚ ҚОЛСҰҒУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУҒА**

Педагогикалық ұжым, ата – аналардың қатынасуымен **«Әдептілік күні», «Достық күні», «Қамқорлық күні», «Денсаулық күні»** атаулы күндерін енгізу, тәрбиелік мағыналы шаралар ұйымдастырылды









ҚАМҚОРЛЫҚ – АСЫЛ ҚАСИЕТ



**«Менің әлемім – сұлулық пен мейірімділік әлемі»** сынып сағаттары,




«**Кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстардың балаларға қатыгездікпен караудың және құқықбұзушылықтың алдын алу»** ата – аналар жиналысы6 **«Мектеп – заң аумағы»** құқықтық – қауіпсіздік сабақтары өткізілді.



**«Адалдық – асыл қасиет»** дөңгелек үстел,**Ерте жыныстық қатынас салдары»** мамандармен кездесу , **«Вейп – денсаулыққа қауіпті» , «Әдептілік - әдемілік**» тәрбие сағаттары да уақытылы өткізіліп, оқушыларға кең көлемде мәліметтер берілді.

«Қош келдің, Жаңа жыл – жаңа белес, жаңа арман » атты жаңа – жылдық облыстық әкім шыршасы на «Үздік оқушы» номинациямен мектебіміздің 6 сынып оқушысы Алуова Асылжан қатынасып, 100000 (жүз мың ) теңге ақшалай сыйлық алды. Аудандық әкім шыршасына 6 сынып оқушысы Ниязбекова А (аз қамтылған отбасы) , 7 сынып оқушысы Нұрсейітқызы А (көпбалалы отбасы) қатысып, сыйлықтар алды.



Қазан айында құқықбұзушылықты болдырмау және алдын алу бойынша төмендегі жұмыстар атқарылды. 11 – қазан Халықаралық қыздар күніне орай «Моншақ» қыздар клубының арасында «**Ұл бала мен қыз бала сыйластығы деген не?»** пікір сайыс өтті және **«Өз құқығыңды білесің бе?»** тақырыбында сауалнама алынды.





Мектептің түнгі кезекшілік кестесіне орай рейд жұмыстары  үнемі жүргізіліп тұрды.  Беймезгіл жүрген оқушылар болған жоқ,  тәртіпсіздік тіркелген жоқ.



«Мерей» ұлдар клубының  **«Ұл бала тәрбиесі – жауапты іс»** атты жиналыс өтіп**, «Менің құқықтарым мен міндеттерім»**  атты дәріс,  «**Жеке бас гигиенасы деген не?»**  пікірсайыс және **«Нашақорлық – ғасыр дерті»** атты  дөңгелек үстел өтті.



Құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстарының  жоспарына сәйкес мектеп оқушылары учаскелік полиция, аға лейтенанты Б.Д.Қаржауұлымен кездесу өтті. Оқушылардың жеке тәртібі, көшеде жүру тәртібі, жол ережелерін қатаң сақтау тәртібі туралы түсінік берді.  Мектептің ішкі тәртібі, мектепке әкелуге тыйым салынатын заттармен, ұялы телефонды пайдалану мәдениеті, интернет ойындарынан аулақ болу керектігін айтты. Буллинг пен кибербуллинг туралы түсінік берді.



Ата – аналармен жүргізілетін жұмыс жоспарына  орай, құқықбұзушылықтың алдын алу шараларын жүзеге асыру мақсатында  учаскелік полиция, аға лейтенант Дастан Қаржауұлымен кездесу өтті. **«Бала тәрбиесі – баршаға ортақ»** тақырыбында дәріс оқылып, бала тәрбиесіне көбірек көңіл бөлуге, беймезгіл қараусыз қалдырмауға, сабақтан қалдырмау, кешіктірмеу т.б жұмыстармен ой бөлісті.





Мектебімізде  «балаларға қатысты зорлық – зомбылық  фактілеріне ден қою алгоритмі» бойынша  ата – аналар мен педагогтар арасында  ақпараттық – түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Психологиялық қызметтің жоспарына сай зорлық – зомбылықтың алдын алу негізінде оқушыларға түсінік жұмыстары жүргізіліп,  сауалнама алынып,  отбасы тарапынан, құрбыларынан, бөгде адамдардан зорлық – зомбылық көрген оқушылар анықталған жоқ.

Социометрия  әдістемесі және жалпы бақылау бойынша бейресми оқушы анықталған жоқ.





Мектеп пен ата – ана арасындағы байланысты нығайтып, ата – ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру максатында ата –аналар кезекшілігі ұйымдастырылып, жүзеге асырылды. Кезекшілік тұрақты жұмыс жасауда.







Мектебімізде облыстық білім басқармасының 18.10.2023 жылғы № 2/4750 хатына орай көппәтерлі үйлердің терезелерінен балалардың түсу фактілеріне жол бермеу және жолдардағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету, алдын алу мақсатында «ҚАУІПСІЗ ТЕРЕЗЕ» республикалық ақпараттық науқанның тұжырымдамасына байланысты іс – шаралар өтті. Сынып жетекшілер тәрбие сағаттарын өткізіп, ата – аналарға арналған жиналыста түсінік жұмыстары жүргізілді.

**«Өмір қауіпсіздік негіздері» міндетті оқу курсын игеру;**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының 2-қосымшасы 2-тарауы 1-параграфы 24-тармағына сәйкес , 1-9-сыныптарда Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсын міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі.Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3- сыныптарға 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым минстрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 614 бұйрығының 3-қосымшасы 4 тарауы 1-параграф 75- тармағына «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптада «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады.

Бағдарлама негізінде «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсы 1-3-сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағатты, 4 сыныптарда 10 сағатты «Дүниетану» пәні шеңберінде бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырды. Сонымен қатар 5- 9 сыныптарда оқу жүктемесі 15 сағатты құрайды және дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырды;

**«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсын жүзеге асыру;**

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны 1-4-сыныптарда жылдық жүктемесі 6-сағат сынып сағаттары есебінен сынып жетекшілері жүргізген. 5-9-сыныптарды сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізілген. Дәлеледеме құжаттары сынып жетекшінің іс-құжаттары папкаларында жасақталып тігілген.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: А.Т.Дуйсегалиева